

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Алмас Мейіржан Азаматұлы

“1:25000 масштабта топографиялық карталарды жаңартуда
ғарыштық суреттерді дешифрлеу”

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРҒАУА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Доктор PhD Қ. Тұрысов

Б. Б. Имансакипова

“ 21 ” 2019ж



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

“1:25000 масштабта топографиялық карталарды жаңартуда ғарыштық суреттерді дешифрлеу”

5B071100 – «Геодезия және картография»

Орындаған:

Алмас М.А. Алмас.М.А.

Ғылыми жетекші:

Жантуева Ш.А. Жантуева Ш.А.

“ 21 ” 10 2019ж.

Алматы 2019

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты
«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы
5B071100- Геодезия және картография

ҚОРҒАУА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
Доктор PhD

Б.Б. Имансақипова
« 2019 ж. »



Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Алмас Мейіржан

Тақырыбы: «1:25000 масштабта топографиялық карталарды жаңартуда ғарыштық суреттерді дешифрлеу»

Университет Ректорының 2018 жылғы «08» X №1113-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «__» _____

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қараластырылатын мәселелер тізімі

- а) Ғарыштық суреттерді дешифрлеу кезінде жасалатын жұмыстар
 - б) Жер бетін ғарыштық ұшу аппараттары арқылы түсіру жұмыстары
- Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетелуі тиіс)

Сызба материалдарының 9 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 5 атаудан тұрады



1. Спивак Л.Ф., Архипкин О.П., Алматы: Ғылым, 1999.
2. У.Г. Основы дистанционного зондирования Техносфера, 2006..
3. Спивак Л.Ф., Архипкин О.П., Сагатдинова Г.Н. Практика и перспективы космического мониторинга чрезвычайных ситуаций в Казахстане.
4. Джуламанов Т.Д. Геодезия – I. – Алматы: Эверо 2005.

Дипломдық жұмысты (жобаны) даярлау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Геодезия	5.10.2019.	
Топографиялық карталарды жаңарту үшін ғарыштық суреттерді дешифрлеу	7.10.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геодезия	Жантуева Ш.А., лектор	18.10.2019	
Топографиялық карталарды жаңарту үшін ғарыштық суреттерді дешифрлеу	Жантуева Ш.А., лектор	18.10.2019.	
Қалып бақылаушы	Нукарбекова Ж.М., т.ғ.м., ассистент	18.10.2019.	

Кафедра меңгерушісі



Имансакипова Б.Б.

Ғылыми жетекші



Жантуева Ш.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Алмас Мейіржан

Күні

«21» 10 2019ж.

АНДАТПА

Суреттерлі дешифрлеу біздің мемлекетімізде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекетіміздегі құрылыстардың дамуы техникалық потенциалдың жоғарғы деңгейімен ғылыми техникалық прогрестің қаршып дамуымен, күрделі қаржылалардың бөлінуімен, өндіріс масштабтарының өсуімен, техника мен мамандардың әлеуметтік деңгейінің өсуімен сипатталады. Біздің зерттеу объектіміз болған осы дипломдық жұмыс Ақтөбе облысының физика-географиялық сипаттамасы

Дипломның 1 бөлімде – дешифрлеу туралы жалпы ақпараттар дешифрлеу түрлері қарастырылған

2 бөлімде дешифрлеу объектісінде қолданылатын жерді қашықтықтан зондттау апараттары, олардың классификациясы

АННОТАЦИЯ

Декодирование с изображениями является одним из самых важных вопросов в нашей стране. Развитие нашей страны характеризуется высоким уровнем технического потенциала, развитием научно-технического прогресса, размещением капиталовложений, ростом масштабов производства, ростом социального уровня специалистов и технического персонала. В первой части диплома - информация о расшифровке предоставляется для общей информации. Часть 2 данных дистанционного зондирования, используемых в декодировании объекта, их классификация.

ANNOTATION

Decoding with images is one of the most important issues in our country. The development of our country is characterized by a high level of technical potential, the development of scientific and technological progress, the allocation of investment, the growth of production, the growth of the social level of specialists and technical personnel. In the first part of the diploma, decryption information is provided for general information. Part 2 of remote sensing data used in decoding an object, their classification

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Ғарыштық суреттерді дешифрлеу туралы жалпы мәліметтер	10
1.1	Дистанциондық әдіспен қоршаған ортаны оқу	12
1.2	Фотографиялық емес объектілерді дешифрлеу	17
1.3	Ғарыштық суреттерді дешифрлеу	19
2.	Қазақстан Республикасында ЖҚЗ қолдану салалары және міндеттері	21
2.1	Қазақстандағы «KazSat-3» ғарыш аппараты	25
3.	Ақтөбе облысының физика-географиялық жағдайы	31
3.1	Топографиялық карты	31
1.8	Дешифрленген ортофотоплан	32
	Қорытынды	33
	Қолданылған әдебиеттер	34
	А қосымшасы	
	Ә қосымшасы	
	Б қосымшасы	
	В қосымшасы	
	Г қосымшасы	

КІРІСПЕ

Суреттерлі дешифрлеу біздің мемлекетімізде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекетіміздегі құрылыстардың дамуы техникалық потенциалдың жоғарғы деңгейімен ғылыми техникалық прогрестің қаршып дамуымен, күрделі қаржылалардың бөлінуімен, өндіріс масштабтарының өсуімен, техника мен мамандардың әлеуметтік деңгейінің өсуімен сипатталады. Біздің зерттеу объектіміз болған осы дипломдық жұмыс Ақтөбе облысының физика-географиялық сипаттамасы

Дипломның 1 бөлімде – дешифрлеу туралы жалпы ақпараттар дешифрлеу түрлері қарастырылған

2 бөлімде дешифрлеу объектісінде қолданылатын жерді қашықтықтан зондттау апараттары, олардың классификациясы қарастырылған

Дипломдық жұмыстың мақсаты Ақтөбе облысының физика-географиялық жағдайын жерді қашықтықтан зондттау апараттарымен бақылау.

1 Геодезия

1.1 Ғарыштық суреттерді дешифрлеу.

Суреттерді дешифрлеу дегеніміз – жергілікті жердің фотосуреттерінде бейнеленген объектілердің сипаттамасын табу, тану және анықтау. Суреттерді дешифрлеу (аэросуреттерді, фотосуреттерді, бейнелерді) – картаны құруда ең қиын және маңызды процессі, сондықтан картаның сапалы орындалуында дешифрлеудің маңызы өте зор. Дешифрлеу процессі бірнеше этапқа бөлінеді: далалық зерттеуге дайындық, далалық зерттеу, дешифрлеу, суретте сызу, өзін-өзі тексеру, дайын продукцияны тапсыру. Суреттерді дешифрлеу жергілікті жерде объектінің кеңістікте орналасу заңының кезегінен және оның оптикалық және геометриялық қасиетінің фотографиялық қабылдау заңына байланысты болады. Суретті дешифрлеу негізі екі фактордан тұрады:

1) физико-математикалық, онда оптика мен геометриялық бейнелер қарастырылады.

2) географиялық, объектінің кеңістік орналасуы қарастырылады.

Суреттерді дешифрлеу үшін геодезия, геоморфология, география, аэрофотография, аэрофотосъемка, фотограмметрия және картография бойынша дайындық қажет. Суреттерді дешифрлеуде мақсаты мен тапсырмасына байланысты дешифрлеудің екі түрі болады: жалпы географиялық және салалы (тематикалық, арнайы) Жалпыгеографиялық дешифрлеуде Жер бетінің нақты анықтамасын алады. Оған жер бетінің регионалды және типологиялық аудандары, жергілікті жердің гидрография жүйесі, жол тораптары, елді мекен пунктері, жасыл жабынды және топырақ элементтері, олардың өзара байланысын орнату, топографиялық карталарды құру және жаңарту жатады. Жалпыгеографиялық дешифрлеудің екі түрі бар – топографиялық және ландшафтық.

Суреттерді топографиялық дешифрлеу деген - топографиялық карталарда бейнеленетін қажетті объектілерді тану, табу және сипаттамасын алу үшін жүргізіледі. Топографиялық дешифрлеу картаны құру мен жаңартуда технологиялық схеманың ең маңызды процессі болып келеді.

Суреттерді ландшафты дешифрлеу деген - жергілікті жерді регионалды және типологиялық мақсатта Жер бетін оқып арнайы техникалық есептерді шешеді.

Салалы (отраслевого) дешифрлеудің (тематикалық) түрлері көп. Суреттерді салалы дешифрлеу жер беті мен атмосферада орналасқан бөлек объектілердің сипаттамасын анықтау үшін орындалады.

Суреттерді дешифрлеудің түрлері - бір бірінен айырмашылығы көп емес және бір бірімен байланысты болады. Жұмыстың принциптері мен (орналасу) орындалу шартына байланысты суреттерді дешифрлеу келесі әдістерінен тұрады: Далалық әдіс - жұмыс тек қана жергілікті жерде суретте бейнеленген объектілерді тауып сонымен қатар суретте бейнеленбеген объектілерді де дешифрлеу қарастырылады.

Аэровизуальдық әдіс – суреттерді дешифрлеу объектіні танып бейнелеу ұшақтан немесе тік ұшақтан орындалады.

Камералды әдіс – суреттерді дешифрлеуде фотобейнелер қасиетін қарастыра отырып далаға шықпай объектілерді ажырату және сипаттамасын алу қарастырылады.

Біріккен (комбинированный) әдіс – суреттерді дешифрлеуде негізгі жұмыс объектілерді ажырату камералды шартта орындалады, ал дала мен әуеде камералды ашыла алмайтын объектілер және олардың сипаттамаларын алуға қолданылады.

Дешифрлеудің барлық әдістерінде жұмысты орындаудың үш тәсілі болады: визуальды, машиналы (автоматты), біріккен (адам және машина).

Визуальды тәсілі - қазіргі кезде дешифрлеудің ең негізгі тәсілі болып келеді. Ол далалық және аэровизуальдық әдістер жұмыстарын орындауда қолданылады. Суреттің информациясын қабылдау және өңдеу дешифрлеушінің көзі және миымен орындалады. Машиналы тәсіл (автоматты) – дешифрлеудің барлық этаптары арнайы құрылымдар көмегімен орындалады.

Біріккен әдіс – суреттерді дешифрлеу дешифрлеушінің автоматтандырылған жүйемен байланыс қарастырылады. Бейнелерді ажыратуда адамның шешім қабылдауына максимум мәліметтерді беруі қажет. Дешифрлеудің теориясы мен практикасы қандай түрге қатысты болса да, қандай әдіспен немесе тәсілмен орындаса да ең маңыздысы танылатын объектілерді ажырату классификациясы болып келеді. [1].

1 – кесте- Объектілердің классификация негізіне кіретін принциптер

Объектілердің классификация принциптері	Классификацияланған объектілердің топтары	Объект мысалдары
Аэросуреттерді дешифрлеудің түрлері мен ерекшеліктері.	Топографиялық объектілер Ландшафты Геологиялық объектілер	Елді мекендер, гидрография, жасыл жабынды, жолдар Шөлдіжерлер. Жер бетіндегі айырылымдар мен жарылымдар.
Объектілердің пайда болуы	Табиғи объектілер. Жасанды объектілер.	Ормандар, саздар, көлдер т.б. Елді мекендер, жолдар, көпірлер т.б.
Объектінің сызықтық қатынасы мен абсолюттік мағынасы	Жинақы (нүктелі) Сызықтық (созылмалы) Алаңдық	Үй, жеке ағаш, жеке тас т.б. Жолдар, өзендер, байланыс жүйесі. Қалалар, орман массиві, аэродром т.б.
Объект элементтерінің	Жәй	Жеке үй, жеке ағаш, жеке

арналуы мен құрамы	Күрделі	тас, бұлақ т.б. Елді мекендер, аэродромдар, орман массивтері т.б.
Күн радиациясының түсуін көрсету қабілеті	Азконтрасты Контрастасты Жоғарыконтрасты	Саз батпақ, шалғындықтар, жыртылған жерлер элементтері Ормандар, елді мекен, элементтері Жабындысы бар жолдар, су беттері,
Объектің тұрақты орналасқан орны және оның белгілері	Стационарлы Динамикалық	Теңіздегі мұздар, бұлттар Гидрография, жол торабтары

1.1.2 Дистанциондық әдіспен қоршаған ортаны оқу.

Ғарыштық суреттерді дешифрлеу – қоршаған ортаны дистанционды оқудың бір түрі. Жер қыртысының үстіңгі қабаты мен атмосфераны қандай да болсын аппараттан визуальды және электромагнитті сәуле шығару приемниктен қабылдайды. Оны кез келген ұшатын аппараттан самалеттен, вертолеттен, спутниктерден, космостық кемелерден, автоматты космостық станциялардан орындауға болады.

Дистанциондық әдіске үш негізгі жұмыстар кіреді: түсірістің материалдарын алу, оны өңдеу, және өңделген суреттер бойынша карта мен картографиялық емес материалдарды құру.

Жұмыстың бірінші түрі - қолданылатын түсіріс материалдарын алу.

Түсіріс материалдарын алуда қолданылған аппараттарға байланысты дистанциондық әдістер визуальды, фотографиялық, фотографиялық емес және көпзоналы болып бөлінеді.

Визуалды түсіріс жергілікті жерді ұшатын аппаратта суреттерді бақылау нәтижелерінің регистрациясын магниттік лентада текет түрінде жүргізіледі.

Фотографиялық түсіріс – жарық сезгіш қабаттарда 0,4 – 1,1 мкм толқын ұзындығы диапазонында жергілікті жердің электромагниттік сәуле шығару спектр ауданында инфрақызыл, жақын және көрінетін ауданның регистрациясы.

Фотографиялық емес түсіріс – үлкен диапазон ұзындықтарының электромагниттік толқын сәулелерін бейне түрінде фотоленкаға немесе магниттік лентаға регистрациялау. Фотографиялық емес бейнелердің ақпараттық және геометриялық қасиеттері фотосуреттерден кем түседі, бірақ көрінетін жарықтан фотосуреттерде көрінбейтін ақпараттарды береді. Онымен

халық шаруашылығының және қоршаған ортаның мақсаттарын шешуде фотографиялық емес түсіріс мағыналары анықтайды.

Көп зоналы түсіріс – төрт–алты немесе одан көп каналдарды қолданып жіңішке спектрлі диапозонда жүргізіледі, ал бейнелер 0,4-тен 1,1 мкм спектрінің кең интервалында алынады.

Жұмыстың екінші түрі: түсіріс материалдарын өңдеу. Суреттерді геодезиялық байланыстыру, Жер қисықтығына, жергілікті жердің бедеріне, ұшу жылдамдығына, ұшудың азимутына, жобалау центр координаттарына және тағы басқаларға байланысты дешифрлеу турін оңайлату үшін суреттерді геодезиялық (географиялық) байланыстыру және геометриялық бұрмалануларды жою кіреді.

Жұмыстың үшінші түрі: карта құру және суреттерді картографиялық емес материалдарымен байланыстыру.

Дешифрлеу процессінің логикалық структурасы.

Суреттер бойынша жергілікті жер объектілерін дешифрлеу процессі логикалық құрылым схемасы секілді білу табалдырық жиынтығын көрсетеді. Білу табалдырығы берілген материалдың сипаттамасына ландшафқа, дешифрлеушінің квалификациясына байланысты бірінен кейін бірі жүріп ерекшеленіп отырады. Логикалық құрылым бөлек объектілер немесе құбылысты дешифрлеуде қолданады. Дешифрлеу процессінде бір объектіні ажыратып екінші объектіге өту, жай объектіден күрделі объектіні ажырату және керісінше орындау кіреді. Ситуация білімі бөлек объектілерді дешифрлеуде ақпараттарды өңдеу жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Суреттерді дешифрлеу процессінің логикалық структура табалдырығын қарастырайық:

Табу (обнаружение) – дегеніміз элементтер бейнесін бөлек қабылдау суретте олардың қасиетін шығарусыз бейнелеу. Мысалы: тікүшбұрыш бейнесі табылды, ол көру анализаторының жұмысы болып табылады. Яғни ол көру қабілет нәтижесі. Көру сезімінің үш стадиясы болады. Ажырату (распознавание)- дегеніміз тұтас образды алу және оны бекітілген санды және сапалы сипаттамасын элементтерге бөлу, алынған образды бағалау. Танудың үш стадиясы бар:

- синтез – образды тұтастай алу;
- анализ – образды элементтерге бөлу және элементтердің сипаттамасын алу;
- жоғарғы сатыдағы синтез – алынған образдың бағасы;

Берілген процесс дешифрлеудің алдында дешифрлеуші қандай мәліметтермен таныс болғанына байланысты қалыптасады, сондықтан тану алдында үш әр түрлі ситуация болады, дешифрлеу алдында ажырату бойынша үш принциптік әртүрлі ситуация пайда болады:

- дешифрлеуші мүлдем объектімен таныс емес. Ондай жағдайда зерттеу немесе болжау құрылыуы керек, бірақ ол дұрыс болмауы мүмкін. Мұндай ситуация адекватты ойлану табалдырығы деп аталады;

- дешифрлеуші суреттегі бейнеленген объектімен таныс емес, бірақ оны карта бойынша, немесе натурада біледі. Ол объект образын өзінің бейнелерімен

салыстырып оны таниды. Мұндай дешифрлеудің болжау сипаттамасы болады, ал берілген ситуация таңдау шарты бойынша тану табалдырығы деп аталады.

- дешифрлеуші объектімен өз жағдай опыты бойынша жақсы таныс. Берілген бейнені табылған бейнемен салыстырып, ажыратады, ал ситуацияны берілген объектіні тану табалдырығы деп аталады.

Классификация – деген жеке объектілердің жалпы белгілерінің мәнән шығару, жекеден жалпы сипаттамаға өту.

Тағы бір табалдырық ол интерпретация. Объектілер жайлы табылған негізгі мәліметтер ө құбылыстын даму динамикасын немесе объектінің өзгеруін болжау. Бұл стадияда табиғи ресурстардың анализі жасалады және қоршаған ортаны қорғау жолы көрсетіледі.

Дешифрлеу белгілері. Суреттерді дешифрлеу- тура және жанама жасарынды дешифрлеу белгілері бойынша қосымша картографиялық мағынасы бар материалдарды қолданып орындалады.

Жергілікті жер объектілерінің нақты белгілері ол объектінің натурадағы белгілері: формасы, размері, түсі (шағылысатын немесе сәулеленетін қабілет немесе жарық коэффициенті), объектінің текстурасы, мен структурасы, көлеңке. Жанама белгілері – қатынастық орналасу, өз ара байланыс, объектілер іздері. Тура дешифрлеу белгілері. Тура дешифрлеу белгілері деген- объектінің қасиеттері айқын таралатын және суретте орындаушымен қабылданатын белгілер Оларға: форма, размер, тон немесе түс, структура (суреті), текстура мен объектінің бейнелеу көлеңкелері (формасы және шамасы) жатады. Бейнелеу формасы - бұл негізгі тура дешифрлеу белгісі, ол бойынша объектінің бар екендігі және оның қасиеті белгіленеді. Дешифрлеушінің визуалды бақылауы бірінші кезекте заттың бейнесін оның формасын анықтайды.

Геометриялық анықталған және анықталмаған формасын ажыратады. Анықталған форма - ол нақты дешифрлеу белгісі және барлық жасанды құрылымдарға қатысты болады. Анықталмаған форма – көптеген табиғи алаңдық объектілерге қатысты (ормандар, шалғындықтар) және анықталған дешифрлік белгілер болып қызмет атқара алмайды.

Басқа жинақты және сызықты, жазық және көлемді формаларды ажыратады. Ең бастысы жинақты формаларға қарағанда сызықтық формаларды қандай да болсын масштабта ажыратуға болады. Сызықтық форма дешифрлеу белгісінің негізі бола алады. Мысалы оның иреленденген формасы бойынша жолды өзеннен ажыратуға болады. Бейнелеу размері формаға қарағанда нақты анықталмайтын дешифрлеу белгісі. Суретте объектінің бейнелеу размері оның масштабына байланысты болады. Объектінің нақты өлшемін суреттің масштабы бойынша немесе танылатын объектінің бейнесінің размері мен басқа объектінің бейнесінің размерімен салыстыру формуласы бойынша анықтауға болады. Кешенді дешифрлеу дегеніміз- тура белгілер элементіне қарағанда тұрақты және анықты болып дешифрлеудің негізгі ландшафтық әдісімен тұрады.

Сурет түсірістің негізгі звеносы болып дешифрлеудің соңғы нәтижесінің сапасын анықтайды. Сапа бейнелену деген екі түсінік береді.

- суреттің геометриялық анықтамасы. Жергілікті жердің моделін шығару

және керекті дәлділікпен оны өлшеу.

- Суреттің анықталу мүмкіндігі- яғни оның көмегімен керекті детальдарды және жергілікті жердің объектісін шығару.

Фотографиялық бейнелерге жер ететін негізгі фотожүйелер звеносына кіретіндер. Суретті дешифрлеуге аэрофотоаппараттарға параметрлерімен фокустық арақашықтық, көру алаң бұрышы, жарық күші және жарықтану негіздері әсер етеді. Суреттің негіздеріне байланысты жазықта, орманды емес ландшафтарда кеңбұрышты қысқа фокусты АФА қолданылады. Орманды және таулы ландшафтарда жайбұрышты немесе жіңішке бұрышты ұзын фокусты АФА қолданылады.

Далалы және камерады дешифрлеу әдістері Топографиялық карталарды құруда суреттерді дешифрлеу құратын немесе жаңартатын топографиялық карталарда жергілікті жер объектілерін бейнелеумен орындайды.

- дешифрленетін суреттердің анықтамалылығы жоғары болуы тиіс әсіресе картаграфияланатын аумақтардың объектері бойынша ;

- дешифрлеуге қиын аудандарда алдын-ала топографо-геодезиялық рекогносцировка немесе дешифрлеу эталонның айқын зерттеп және бедердің стереорисовкасы үшін мәліметтерді жүргізеді;

- дешифрлеуде объектілерді шартты белгімен сызатын суреттер мен фотосхемалар карта масштабымен кішкене сәйкес келуі керек. Ол генерализациялауда қателіктерден сақтайды;

- дешифрлеуге стереоскопиялық аспаптарды камералдық және далалық жұмыстарда қолдану;

- берілген әрбір участкіде камералды және далалық дешифрлеуде бір ғана орындаушыға тапсырады;

- бекітілген белгілеулер бойынша жергілікті жерді дұрыс бейнелеу үшін дешифрлеу процессі оның барлық этаптарында редактордың қол астында өтуі тиіс. [2].

Топографиялық жұмыстардың технологиясына, сипаттамасына және аумақтың оқылуына байланысты топографиялық дешифрлеудің әртүрлі варианттары қолданылады. Сонымен қатар пландық аэрофототүсірісті:

1. өте үлкен масштабқа (1:2000 ірі)
2. ірі масштабқа (1:2000 нан 1:10000 деиін)
3. орта масштабқа (1:10000 нан 1:30000 деиін)
4. ұсақ масштабқа (1:30000 нан 1:100000 деиін)
5. аса ұсақ масштабқа (1:100000 нан) бөледі.

Стереотопографиялық түсірісте аудандарда пункттер және әртүрлі ғимараттар өте көп болса түгел далалық дешифрлеу жүргізіледі.

Стереотопографиялық түсірісте дешифрлеу бедерді салудан бөлек орындалады. Бедер салу стереофотограмметриялық аспапта орындалады. Картаны құруда біріккен (комбинированом) әдісте далалық дешифрлеу фотопланда бедерді түсірумен бірге орындалады. Бөлінген “жұмыс алаңы” орындаушымен далада орындалады. Бірінші кезекте суретте мінезделген объекті тану керек, сосын суретті бағдарлап бір тануға объектіден екіншіге өтіп

оларды суретте жеңілденген шартты белгілермен белгілейді. Егер объект немесе контур суретте жақсы бейнеленген болса да оны көрсету керек. Есте сақтап көрсетпей қалуға болмайды. Себебі ол ұмыт болып қалуы мүмкін, сосын қателіктерге соқтырады. Суретте бейнеленген объект дешифрлеу кезінде жергілікті жерде жоқ болса, фотобейне сызылып тасталуы тиіс. Егер объектің размерінің кішілігінен немесе аэрофототүсірістен кейін пайда болған топографиялық объектер суретте бейнеленбеген болса, онда оларды промермен, засечкалармен немесе жерді түсіру аспаптармен салады. Дешифрлеу процесінде объектіні мінездейтін қосымша жазулар (запись) енгізеді және күрделі ситуациялардың абрисын құрайды. Промерлердің абрисін суретті артқы жағына немесе арнайы журналға салады.

Түгел далалық дешифрлеуде суреттерді стереоскопиялы сипаттау үшін портотипті аспап қолданады. Оның қажеттілігі гидрографиялық торлар мен суреттер проекциясының көлеңкедегі кіші объектерді танып салуға көмектеседі.

Объектер мен контурларды танумен бірге керекті санды және сапалы мінездемелерін және оларды суретте солтүстік рамкаға қатысты жазады.

Бақылау станциясын сипаттап журналға жазады. Бөлінген станция участкісін шартты белгімен белгілейді, ал тек көше нөмірін әр түрлі түспен көрсетеді. Нумерацияны журналда көрсетіп оның мінездемесін береді.

Қарастырылған вариант методикасында камералды дешифрлеу бір негізге (фотосхема, фотопланға) далалық дешифрлеудің барлық мәліметтерін эталон мен әдістемелерді қолданып тасымалдайды.

Камералды дешифрлеуді аяқтап өзін-өзі тексереді. Егер дешифрленбей қалған жерлер болса, қайта тексеріп түзетулерді енгізеді.

Далалық дешифрлеуде негізгі объектілерді таңдауда және біріктіруде карта бойынша контурларды жылжыту өз допусказы болады. Контурлар жағдайын $\pm 0,5$ мм тең ортаңғы қателікпен енгізуге болады. Ол қосымша объекті жылжытып, ал негізгі объекті оның орнына бейнелеуге мүмкіндік береді.

Барлық басты негізгі геодезиялық пункттер аэрофотосуретке енгізілуі тиіс. Әрбір пунктті барып тексеріп дешифрлеп және айқын абрис жасайды.

Жергілікті жерде бағдарлану үшін қолдануға болатын мінездемелі контурлар мен жергілікті заттар анық салынуы қажет. Мұндай заттарға алыстан көрінетін биік заттар (биік ғимараттар, башнялар, завод пен фабрика трубалары, радиомачталар, шіркеулер, орошталар және жеке ағаштар) және жер бетінен биік емес, бірақ жергілікті жерде көп уақыт сақталатын (жолдар қиылысы, көшелер, пасекалар) кіреді.

Суреттерді камералды дешифрлеу түгел және далалық жалғасумен болуы мүмкін.

Суреттерді түгел камералды дешифрлеу. Мұндай жағдайда түсіріс ауданының картографиялық материалдары жақсы оқылуы қажет. Камералдық дешифрлеуде экспедициялық (стеоскоп) және стереофотограмметриялық аспаптар (интерпретоскоп, стереопроектор, стереограф) қолданылады.

Түгел камералды дешифрлеу фотоплан және суреттер жинақтары бойынша жасалады.

Камералды дешифрлеуге кіретін этаптар:

- аумақтың қысқаша географиялық мінездемесі, түсіріс материалдары бойынша керекті анықтамалар, дешифрлеу белгілерінің сипаттамасы картографиялық мағыналардың материалдарын қолдану, карта мазмұнының элементтері мен участкі бойынша редакциялық көрсеткіштерді оқып дешифрлеу. Орындаушы түсіріс аумағында қандай объектердің бар екенің, олардың қандай суретте қалай бейнеленуін және қандай шартты белгімен көрсетуін білуі тиіс.

- жергілікті жердің бейнесімен фотосхемаларды және суреттер жиынтығын лупамен және стереоскоппен қарастырып жалпы танысу

- негізгі нақты танылатын объектілерді дешифрлеу –негізгі гидрографиялық тор, жасыл жабынды мен топырақтардың ірі контурларын, темір және автомобильді жолдар;

- әрбір қос суретті детальдарды эталон мен стереоскопиялық аспаптарды қолданып кезекпен өңдеу. Мазмұндама эталоны бойынша дешифрлеу кезегі :елді-мекен пункттері, ең соңғы кезекте бөлек құрылыстар мен ғимараттарды өңдейді. [3].

1.2 Фотографиялық емес объектілерді дешифрлеу.

Радиоэлектроникалық жаңа күйі аэрокосмостық түсіріс жүйесінің жер беті жайлы информацияны фиксировать ететін жаңа дитонциондық түрін шығарды.

Радиолокационды жүйе-бортты радиолокационды станциялардан (ЛРС) алынған фотобейнелер бойынша объектілерді ажыратуға және ара қашықтықты өлшеу үшін арналған.

Радиолокационды бейнелер бойынша (РЛИ) топографиялық пен тематикалық карталарды құруда және жаңартуда шығарады.

Инфрқызыл (жылы) бейнелер. Инфрқызыл аэрокосмостық түсіріс (ИКА) . дистанциондық түсірістің жаңа түрлерінің ішінде ең негізгі орын алады. ИКА-ны автономия қолдануға болады сонымен қатар басқа заттармен комплексте қолдануға болады. Аэрокосмостық телевизионды түсірісмің дамуында метрология, геология және геодезия үшін фотограмметристердің алдында телевизионды бейнелер бойынша дешифрлеуді және объектердің координаталарын анықтау, топографиялық карталарды құру және жаңарту проблемасын қойды. Олардың ішіндегі операциялар: космостық суреттердің географиялық байланыстарды, жергілікті жердегі объектілерді ажырату үшін фотографиялық бейнелерді бақылау және олардың интератирациясы, әр түрлі өлшеулерді орындау, дешифрлеу результаттарын кортографиялық негізге көшіру, фотокарталардын далалық тексеру.

Географиялық байланыстыру танылған космостық фотосуреттердің контурлық нүктелерін және оның негізгі нүктелерінің географиялық

координаталарын анықтау. Оның негізгі этаптарына кіретіндер: түсіріс ауданның анықтау, тану белгілерін таңдау үшін картаны талдау, бейнелермен карталарда тану белгілерін таңдау, негізгі нүктелерінің координатасын анықтау.

Визуальды дешифрлеу.

Космосты фотосуреттерді дешифрлеу керекті материалдарды дұрыс талдаудан тұрабы.

- дешифрлеге ең ыңғайлы болып контакты немесе проектті космостық фотосуреттер болып келеді. Трансформаланған космостық фотосуреттер және фотокарталар сонымен қатар үлкейтілген отпечаткалар қолданылады.

- локальды контурларды айқындау, тану және салу үлкейтілген космостық фотосуреттерде жасалады.

- фотобейнелердің бірдей емес генерализациясына байланысты контурларды салу үшін бірнеше фотосуреттерді қолданады. Суреттердің саны көлемімен және мінездемесіне байланысты болады.

- космостық аэросуреттерде контурларды салуда екінші таза суретті тексеру және корректировка үшін қолданады болуы тиіс.

Космостық суреттерді визуальды дешифрлеуде әр түрлі аспаптарда қолданады. Соның ішінде стереоспапта бар. Бірақ космостық фотосуреттердің өте үлкен бұрыштық еңісінен және жердің қисықтығымен стереомодельдердің бақылау тек қана суреттің кішкене ғана учаскісінде орындалады. Орындау көзге өте қиын болады. Сондықтан көбінесе жай стереоприборды қолданады.

Инженерлік құрылғылар проекциялау, гидрография, орман шаруашылығы, геологиялық және әртүрлі практикалық пен теориялық тапсырмаларды орындау мақсатында түсірістерді тематикалық дешифрлеу жүргізіледі. Тематикалық дешифрлеудің түрлері едауір көп (геоморфологиялық, әскери, геологиялық, ормандық, жердік, гидрогеологиялық метеорологиялық және т.б)

Қарсыластың күшін байқау, оның оттық бағыты, техникалық күші, инженерлік құрылыс және де басқа әскери объектілер, әскери мақсаты үшін орындалады. Дешифрлеу нәтижесі топографиялық карталарда бейнеленеді, ол керекті жағдайда түсіндірмелі хатпен беріледі.

Түсірістерді топографиялық дешифрлеуде (далалық, камералды, аэровизуалды) жұмысты орындау бағытына байланысты, сонымен қатар оларды орындау шартында сол әдіс қолданылады.

Тематикалық дешифрлеудің барлық нәтижесі тематикалық карталарды құру үшін қолданылады. Тематикалық карталардың ең бір ерекше түрі жолдық карта болып табылады.

Автомобиль жолдардың көрініс торлары және олармен байланысты құрылғылары (мост, тунель, парон,) сияқты дешифрлеу нәтижелері түріспен картаға көшіреді. Мұндай дешифрлеу дешифрлеумен салыстырғанда жолдық тордың анық детальді мінездемесін береді, ол топографиялық карталарды құру үшін қолданылады.

Дешифрлеудің арнайы түріне жататыны түсірістерді ауыл шаруашылық дешифрлеу, ол ауыл шаруашылық карта мен планды құру мақсатымен

орындалады. Оның мазмұны картографиялық материалдарды белгілеумен анықталады. Олар қолданылады : аудандық жоспарлауда, жер қорын есепке алуда, облыстық және аудандық жерқұрылысын құрастыруда, жерқұрылысы сыртқышаруашылық және ішкішаруашылық – ауыл шаруашылық кәсіпорын организация территориясында, жер ресурстарын танып білу және онымен басқару үшін қолданылады. Дешифрлеу жұмыс барысында алынған арнайы мәліметтер , атап өткен тапсырмалардың дұрыс шығарылуын қамтамасыз ету керек. Мұндай мәліметтерге жер шегарасынын қолдану нақты мәліметі және ауылшаруашылықтың мінездемесі кіреді. Топографиялық мәлімет мынадай көлемде беріледі ,жобаны натураға ауыстыру бойынша есеп шығару, далалық тексерісті орындауда тұрақты жерде еркін ориентировать ету және арнайы мәліметпен байланысты босжерлерді қанағаттандыру үшін қажет. Ауылшаруашылық дешифрлеу қазіргі кезде басым қолданылатыны комбинировалық тәсілі. Кіретін этаптар : даярлайтын , камералдық дешифрлеу, далалық жұмыстар және далалық қортынды бақылауы.заказчиктің берілген материалы және дайындығы. [4].

Инженердің тапсырысы бойынша картаны құруда дешифрлеудің арнайы түрі тек қана визуальды түрде ғана орындалады. Қазірде автоматты түрде дешифрлеу мүмкінінше шектелген. Оны негізінде қолданады обзорный карталарды құруда, мысалға мінездеме мәліметтерін есептегенде жердің картасын қолданылады , картаны құруда ауыл шаруашылық мәдениеттерін орналастырады.

Адам объектілерді нақты өмірде көрініп тұрған затты тани алады . Ал басқа объектілер мінездемесін бейнеден яғни аэро- немесе космостық бейнеден тани алады.

Геометриалық және оптикалық қасиеттерімен өзінің объектісінен басқа (бейнеленген анализ бойынша-тұра дешифрлеу признакы) басқа объектімен және орталық объектіні дешифрлеумен байланысты дешифрлық процессте өте кең қолданылады. Тексерісте гипотезаның қабылдануы дұрыстығына күмән келтірілсе , онда бөлек анализ признактарына қаралады.

Тематикалық дешифрлеудің ұсақ масштабтағы бейнесі .

Әртүрлі облыс шаруашылық халқының жер үстін оқып білу үшін ұсақмасштабты түсіріс материалы кең қолданылады. Тематикалық картаны құрғанда ұсақ масштабты түсірістер фотосуреттегі контурды белгілеу үшін негізгі мәлімет болып атқарылады. Мұндай жұмыстар болотаны және орманды жерлерді дешифрлеуге мүмкіндік берді. Ұсақмасштабты материалды қолданып географиялық есепті шығарғанда , әсіресе аудандық жоспарын , бұрынғы құрылғаның нақтылау және жаңартуға мүмкіндік береді.

1.3 Ғарыштық суреттерді дешифрлеу

Ғарыштық суреттерді дешифрлеуде кейбір объектілер жанадан кездесу мүмкін . Яғни бұл дешифрлеудің екі этапқа бөлінуіне алып келеді.

1) нәтижелердің интерпретациясы,объекеілерді тан,бөлу.

2) бірінші орнатылған объектілердің рөлдерін анықтау.

